



**БҰЙРЫҚ**

14.10.15


Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 467-Ө

город Астана

**Мүлікті және істерді  
басқарудан босату туралы**



Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен «ASTANA TRADE SYSTEM» ЖШС банкрот болып танылды.

Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің 2015 жылғы 1 шілдедегі №353-Ө бұйрығымен «ASTANA TRADE SYSTEM» ЖШС банкроттық басқарушысы болып Танат Капанович Жунусов тағайындалған.

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы №176-V Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 11-тармағына сәйкес және оны босату туралы кредиторлар комитетінің қабылдаған шешіміне байланысты 2015 жылғы 22 қыркүйектегі хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «ASTANA TRADE SYSTEM» ЖШС мүлкі мен істерін басқарудан банкроттық басқарушы Т.К. Жунусов босатылсын.

2. Т.К. Жунусов «ASTANA TRADE SYSTEM» ЖШС борышкердің құжаттарын, сонымен қоса мүлкіне қатысты құрылтай, қаржылық және заңмен бекітілетін құжаттарын, сонымен қатар борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға үш жұмыс күні ішінде өткізуін қамтамасыз етсін.

3. Борыштармен жұмыс басқармасы «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы №176-V Заңына сәйкес іс-шаралар жүргізісін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Борыштармен жұмыс басқармасының басшысы Б.М. Мүлкібековке жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы



Ә.Сқақов